

АПТАЛЫҚ ШОЛУ

2026 жылғы 9 – 13 ақпан

2026 жылғы 9 – 13 ақпан

Аптаның негізгі тақырыптары

01



АҚШ нарықтары:
технологиялардағы
құбылмалылық және
пайданың тарапынан
қолдау

02



АҚШ-тағы ақша-кредит
саясаты және тұтынушылық
сұраныс

03



Жаһандық нарықтар:
Жапония, Еуропа, Қытай
және шикізат активтері

АҚШ нарықтары: технологиялардағы құбылмалылық және пайданың тарапынан қолдау

Америкалық индекстер аптаны төмен көрсеткішпен аяқтады: **Nasdaq -3%, S&P 500 -1,85%, Dow Jones -1,27%**.

Қысым жасанды интеллекттің дамуы мен оның түрлі салалардың пайдасына әсеріне қатысты болжамдарды қайта бағалануы аясында ірі технологиялық компанияларда шоғырланды. Қорғаныш секторлары мен облигациялар пайдасына ротация күшейді.

10 жылдық қазынашылық облигациялардың кірістілігі **4,05%**-ға төмендеп, жыл басынан бергі ең төменгі деңгейге жетті.

Бұл ретте есептілік маусымы күшті болып қалып отыр. FactSet деректері бойынша, S&P 500 индексіне кіретін компаниялардың күтілетін пайда өсімі маусым басталар алдындағы **8%** деңгейіндегі болжамға қарағанда шамамен **13%-ды** құрайды.

Бұл өсім ірі компаниялардың шағын тобынан тыс кеңейіп жатқанын көрсетеді. Құбылмалылықтың артуы аясында секторлар мен капиталдандыру бойынша әртараптандыруға басымдық беру орынды.

Негізгі индекстер			
Атауы	1-апта	1-ай	YTD
KASE	-0,60%	4,34%	8,18%
S&P 500	-1,85%	-1,50%	-0,14%
Nasdaq	-2,98%	-4,12%	-2,99%
Басқа индекстер			
Nasdaq 100	-2,12%	-3,12%	-2,05%
Dow Jones	-1,27%	0,29%	2,99%
Борыштық нарық			
U.S. 10Y	-3,43%	-4,18%	-2,38%
U.S. 30Y	-3,09%	-2,91%	-2,71%
Валюталық индекс			
USD индексі	0,19%	-2,41%	-1,34%
Тауарлар			
Алтын	-1,11%	9,31%	14,52%
Күміс	-6,46%	-13,12%	8,95%
Brent мұнайы	-1,85%	5,66%	11,36%
Криптовалюта			
BTC/USD	-2,38%	-27,99%	-21,91%

АҚШ-тағы ақша-кредит саясаты және тұтынушылық сұраныс

Статистика тұтыну белсенділігінің баяулағанын көрсетеді: желтоқсан айындағы бөлшек сауда көлемі өткен айға қарағанда өскен жоқ, ал жалпы ішкі өнімді есептеген кезде ескерілетін көрсеткіш **0,1%-ға** төмендеген. Бұл 2025 жылғы жедел өсім кезеңінен кейін үй шаруашылықтары шығынының салқындағанын көрсетеді.

Сонымен қатар еңбек нарығы тұрақты күйінде қалып отыр: қаңтар айында **130 мың жұмыс орны** ашылды, жұмыссыздық деңгейі **4,3%-ға** дейін төмендеді. Инфляция жылдық мәнде **2,4%-ға** дейін бәсеңдеді, алайда базалық көрсеткіш **2,5%** деңгейінде сақталып отыр. Жиынтығында бұл деректер инфляциялық қысым одан әрі әлсіреген жағдайда жылдың екінші жартысында оны төмендету мүмкіндігі бар. Алдымыздағы айларда мөлшерлемені қазіргі деңгейде сақтау сценарийін қолдайды.


Жаһандық нарықтар: Жапония, Еуропа, Қытай және шикізат активтері

Жапония нарығы парламенттік сайлаудан кейін бір аптаның ішінде шамамен 5%-ға өсті, нәтижесінде билеуші партия басым көпшілікке ие болды. Инвесторлар бюджет шығысын кеңейту және салықтық қолдау шараларын арттыру перспективаларын оң бағалауда. Жапонияның мемлекеттік облигацияларының кірістілігі тұрақты болып қалды, иена нығайды.

Еуропада төртінші тоқсанда экономикалық өсім алдыңғы тоқсанмен салыстырғанда 0,3%-ды құрады. Динамика біркелкі емес: **Испания** тұрақты кеңеюді көрсетсе, **Германияда** жұмыспен қамту әлсіз күйінде сақталып отыр. **Қытай** тұтынушылық инфляцияның 0,2%-ға дейін баяулағанын және өндірушілер секторында дефляциясының жалғасып жатқанын хабарлауда, бұл қосымша ынталандыру шараларын күтуге негіз береді.

Алтын нарығы ерекше назар аударуға тұрарлық: қаңтар айында биржалық қорларға қаражат ағыны **рекордтық 19 млрд долларға** жетті, ал басқарудағы активтер көлемі 669 млрд долларға дейін өсті. Бұл геосаяси және макроэкономикалық тәуекелдер аясында қорғаныш активтеріне сұраныстың артқанын көрсетеді.

US\$-да ETF-ке айлық ағын



(World Gold Council-тан алынған деректер)

Шолуды дайындаған: Әнуарбеков Алдияр



<https://www.bcc-invest.kz/>



<https://www.instagram.com/bcc.invest>



https://t.me/bcc_invest



Маңызды ақпарат

Бұл материал тек ақпарат беру мақсатында таратылады. Осы материалды тарату инвестициялық кеңес беру қызметі емес. Осы материалда келтірілген ақпарат жеке инвестициялық ұсыным емес.

Осы материалды алушы шешім қабылдау үшін ұсынылған ақпаратқа ғана сүйенбеге тиіс. Есептеулерді, тарихи деректерді және осы материалда қамтылуы мүмкін өзге де ақпаратты «BCC Invest» АҚ қызметкерлері жария дереккөздерден алынған ақпарат пен деректердің негізінде дайындады. «BCC Invest» АҚ мұндай ақпараттың толықтығын, дәлдігін және анықтығын тексермейді және тексеруге міндетті емес.

«BCC Invest» АҚ ұсынатын кез келген ақпаратты клиент тек өз қалауымен пайдаланады және тәуекелін өзі көтереді. «BCC Invest» АҚ ұсынатын ақпарат қандай да бір бағалы қағазды сатып алу туралы ұсыныс және/немесе сату бойынша міндеттеме емес, мәміле жасасуға итермелемейді және инвестициялық, салық және заң мәселелері бойынша, оның ішінде жасалатын мәміленің клиенттің нақты мақсаттарына сәйкестігі туралы мәселе бойынша ақпарат алушыға ұсыным емес.

«BCC Invest» АҚ олар туралы ақпаратты ұсынатын бағалы қағаздармен, оның ішінде шетелдік бағалы қағаздармен, валютамен, базистік активтердің сан алуан түрлі туынды қаржы құралдарымен (бұдан әрі – «Қаржы құралдары») операция жүргізбес бұрын, осы ақпаратты алушылар аталған қаржы құралдарын сипаттайтын құжаттармен (эмиссия проспектісі және т.б.) танысуы қажет және қаржы құралдарымен мәміле жасасқанға дейін өзінің қаржы, заң, салық, бухгалтерлік есеп мәселелері жөніндегі кеңесшілерінен және өзге де кеңесшілерінен жан-жақты кеңес алуға тиіс.

Қаржы құралдарымен мәмілелер жасасу белгілі бір тәуекелмен ұштасып жатыр, олар үшін жауапкершілік «BCC Invest» АҚ-қа жүктелуі мүмкін емес, өйткені олар тараптардың қисынды бақылауынан тыс және олардың осындай тәуекел салдарын болжау және алдын алу мүмкіндіктері шектеулі немесе мүмкін емес.

Клиент қаржы құралдарымен мәмілелер жасау мүмкіндігін өз бетінше бағалауға тиіс. Клиент, егер оның экономикалық және заңды мәні, құжаттамасы, шарттары мен онымен байланысты тәуекелдері түсініксіз болып қалса немесе ақпарат алушының мақсатына, ниетіне және күткен үмітіне сәйкес келмесе, мәміле жасаспауға тиіс. Қаржы құралдарымен мәмілелер жасасу елеулі қаржылық және өзге де тәуекелді тудыруы мүмкін. Осы себептен бұл мәмілелер өзіне тиісті тәуекелді қабылдауға дайын және олармен байланысты ықтимал қаржылық шығынды көтере алатын адамдарға арналған. Кез келген мәмілені жасамас бұрын клиент тиісті мәмілені жасасуға байланысты туындайтын тәуекелді түсінетініне және кез келген оқиға өрбіген кезде өзіне қабылдаған міндеттемелерді орындау үшін қажетті қаржылық және өзге де ресурстары бар екеніне көз жеткізуі қажет.

Қаржы нарығында операция жүргізу туралы шешім қабылдаған кезде, қаржы құралдарына инвестициялау күтілетін кірісті алмау, инвестицияланған қаражаттың бір бөлігін, тіпті барлығын жоғалту, ықтимал шығыс пен шығын тәуекелін көтеретінін ескерген жөн.

Болжамды оң кірістілік туралы ақпарат тек болжам ретінде ғана бағалануы мүмкін. Инвестициялық қызметтің бұрынғы нәтижесі болашақтағы нәтижені айқындамайды, ал активтердің құны көтерілуі де, түсуі де мүмкін. Шетел валютасын айырбас бағамының өзгеруі инвестиция құнының азаюына немесе ұлғаюына әкелуі мүмкін. «BCC Invest» АҚ ақпаратты пайдалану негізінде клиент алуы мүмкін қаржылық нәтижеге қатысты кепілдік бермейді немесе оны растамайды және қандай да бір жауапкершілікті өз мойнына алмайды.

Қазақстан Республикасының
Қаржы нарығын реттеу және
дамыту агенттігі.

Бағалы қағаздар нарығында
қызметті жүзеге асыруға берілген

10.07.2018 жылғы № 3.2.235/12 мемлекеттік лицензия.